



Шетелдіктер 30 күн тіркеусіз жүре алады

3-бет

КӨШІ-ҚОН ҚЫЗМЕТТЕРІ ОРТАЛЫҒЫ ЦЕНТР МИГРАЦИОННЫХ УСЛУГ



АЙМАҚ АЙШЫҒЫ

«ТЕРГЕУ БОЛАШАҒЫ» – ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ



Алматы облысының Полиция департаменті жоғары оқу орындарында «Тергеу болашағы» клубын құрды.

«Алматы облысының Полиция департаменті Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетімен және академик Ө. Жолдасбеков атындағы Құқық және экономика академиясымен өзара байланысты нығайту және серіктестік жөніндегі меморандумға қол қойды», – деп хабарлады облыстық полицияның баспасөз қызметі.

Ведомство тартқан ақпаратқа сәйкес, меморандумның негізгі мақсаты – оқу ор-

дасындағы теориялық білімді іс-тәжірибемен ұштастыру, ынта білдірген студенттерге құқық қорғау органдарында тәжірибеден өтіп, талабын шыңдауға мүмкіндік жасау.

«Жоғары оқу орындарымен бұған дейін де өте тығыз қарым-қатынаста жұмыс істегенбіз. Тәжірибелі мамандарымыз практикалық тұрғыда үнемі ақыл-кеңестерін береді. Өйткені, біздің мақсатымыз – ортақ. Оқу орнын бітірген білімді, тәжірибелі заңгер мамандар көп жағдайда құқық қорғау органдарына келеді. Сондықтан біз қолдан келгенше қолдау көрсетіп, еліміздің болашағы үшін ерінбей еңбек ететін патриот мамандарды дайындауға атсалысатын боламыз», – деп атап өтті облыстық ПД Тергеу басқармасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Руслан Чарапиев.

Сондай-ақ, меморандум аясында оқу орындарында «Тергеу болашағы» клубы құрылды. Үздік студенттер қабылданатын клуб мүшелеріне құқық қорғаушылар тәжірибелік қолдау көрсетіп, кәсіби біліктіліктерімен бөліседі. Осы клубқа мүше болған болашақ мамандарға тергеу ісінің қыр-сыры үйретіліп, тәжірибелі тергеушілердің жетекшілігімен олар қылмыстық істі тергеу жұмыстарымен танысады. Яғни, облыстық полицейлер клуб мүшелерінің қатарынан білікті тергеушілерді дайындап шығарады.

«Бүгінгі меморандум студенттерге көп мүмкіндік береді деп ойлаймын. Бүгінгі полицейлер құқық қорғау органдарына қабылдану тәртібін түсіндірді. «Тергеу болашағы» клубына мүше болып, кәсіби білімімді шыңдаймын. Диплом алған соң, тәртіп сақшысы атанғым келеді. Бірнеше спорт түрінен жетістіктерім бар, үш тілді еркін меңгердім. Енді ел игілігі үшін қызмет етемін», – деді І.Жансүгіров атындағы ЖМУ студенті Маржан Сұраубекова.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің басшылығы облыстық полиция өкілдеріне арнайы жабдықталған криминалистика аудиторияларын таныстырып, одан әрі жабдықтау бойынша жоспарларымен бөлісті. Заманауи жабдықталған аудитория мен көрнекі құралдар қонақтар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Алматы облысы ПД баспасөз қызметі



3-бет

Қабылдау кеңсесі – ашықтық айнасы

Ішкі істер органдарының ашықтығын қамтамасыз ету және халыққа қызмет көрсету сервисін заманауи талаптарға сай жүзеге асыру мақсатында Батыс Қазақстан облысы ПД Орал қалалық полиция басқармасы ғимаратының жанынан фронт-кеңсенің ресми ашылуы өтті.



3-бет

Көлік кілттері табысталды

Жуырда Шымкент қаласы Полиция департаментінің қызметтік автокөліктерін салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.



4-бет

Жаза қатайып, жауапкершілік артады

Жаңа түзетулер бойынша зорлау және сексуалды сипаттағы күш көрсету әрекеттері үшін 5 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылып отыр.



5-бет

Ескерткіш – ерліктің белгісі

31 желтоқсанда «Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ аллеясында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған мемориалдың ашылу рәсімі өтті.

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИЫН

Үш күндік тәжірибе

ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында «Ішкі істер органдарындағы тәрбие жұмысының негіздері» тақырыбында ПД, ҚАЖД, ТЖД және АМКБ орта буын басшылық құрамымен үш күндік оқу-әдістемелік жиын өтті.

Іс-шараның мақсаты – ішкі істер органдары қызметкерлерінің бойына қазақстандық патриоттық рухты сіңіру, күнделікті қоғамдық тәртіпті қырағы қадағалайтын, білімді де кәсіби білікті маман, қоғамдық қарым-қатынаста сыпайы және қарапайым, халыққа полиция қызметкерін қорғанышы ретінде көрсете білетін, жаңа форматтағы полиция қызметкерін қалыптастыру.

Үш күндік оқу-әдістемелік жиынның алғашқы күнінде ІІМ от-

Сонымен қатар, Академияның профессорлық-оқытушылық құрамы SMART технологиясымен танысып, тренингке қатысты. Мақсаты – SMART технологиясы арқылы жетістікке тиімді жету, қойылған міндеттердің дағдыларын қалыптастыру. Тренингтің соңында, орта буын басшылық құрамы өздерінің ой-пікірлерін, сондай-ақ, SMART технологиясының өз-өзін ұйымдастыру, ІІО бөліністерінің жеке құрамын басқарудағы практикалық негізде

Сондай-ақ, академияның акт залында Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығы 6697 ә/б басшылығы «Жауынгерлік қызмет үздіктерін ұлықтау» іс-шарасын өткізді. Аталған іс-шараның мақсаты – өзара тәжірибе алмасу, сонымен қатар, Отанды қорғауға деген жауапкершілікті арттыру, борышты адал атқаруға баулу, еліміздің қоғамдық тәртібін күзету, дер кезінде тәртіп бұзушылықтың алдын алу бойынша тәжірибені арттыру.

Аталған кештің құрметті қонақтары – 2019 жылдың 2 тоқсанындағы қорытынды бойынша командирлердің арасынан үздік шыққан 2-жеке атқыштар ротасының 4-взвод



ставкадағы полиция полковнигі Б. Каженов, Қостанай облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі А. Ынтықбаев, ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясының бастығы, полиция полковнигі Н. Биекенов орта буын басшылық құрамына жаңа форматтағы полиция қызметкерінің қандай болуы қажеттілігі туралы айтты.

Іс-шара барысында ішкі істер органдарында тайм-менеджменттің негізі мен әдіс-тәсілдері, тәрбие жұмысының ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері, бірқатар ІІО қалыптастырудағы полиция туралы ІІМ бұйрықтарының талаптарына түсініктеме, ІІО басшыларының сөйлеу мәдениеті мен шешендік өнері туралы дәрістер оқылып, практикалық сабақтар өткізілді.

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасындағы ішкі істер органдарын жаңғырту шеңберінде ішкі істер органдарының қызметкерлерін отбасылық құндылық, ұлттық әдет-ғұрып, рухани-адамгершілік арқылы тәрбиелеу, ішкі істер органдарының бөліністерінде жұмыс тәжірибесімен алмасу туралы дәрістер мен сауалнамалар ұйымдастырылды.

маңызының қажеттілігі туралы айтты.

Сондай-ақ, ұжымдағы басшының рөлі туралы психологиялық тренинг өтті. Мақсаты – командамен жұмыс дағдыларын, жобаларды қорғау кезіндегі сөйлеу әдебін қалыптастыру, пысықтау және басшының, көшбасшы ерекшеліктерінің қандай екендігін анықтау. Тренингтер арасында психологиялық ойындар жүргізілді.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, адамгершілік және рухани құндылықтарды бағалау, өз халқының мәдени мұрасына деген сезімін оятып, жаңа форматтағы полиция қызметкерінің бейнесін көрсету мақсатында академияның магистранттары мен курсанттары Қостанай облысы ішкі істер органдарының орта буын басшылық құрамына шығармашылық кеш ұйымдастырды. Іс-шара аясында домбырашылар күмбірлете күй тартып, биші қыздар мың бұралып би биледі. Патриоттық тақырыптарда жырлар оқылып, әндер шырықалып, барабаншы қыздар взводы мен карабиншілер өз өнерлерін көрсетті. Сахнаның көркіне айналған магистранттар мен курсанттарға басшылық құрам жақсы тілектерін айтты.

командирі, лейтенант Д. Мырзабеков, үздік әскери жасақ бастығы, лейтенант М. Борамбаев, 1-атқыштар ротасының қарауыл бастығы лауазымында қызмет атқарған, қазіргі таңда запастағы старшина Ж. Садировтың отбасылары болды.

Ұлттық ұланның үздік жауынгерлері 6697 әскери бөлімнің дипломымен, қызметін адал атқарып, еліміздің бейбітшілігіне, қоғамдық тәртіпті күзетуге белсенді атсалысқандары үшін Қостанай облысы Полиция департаментінің, Қостанай облысы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Үш күндік оқу-әдістемелік жиынның соңғы күнінде орта буын басшылық құрамына сертификаттар мен үгіт-насихат жұмыстары жинақталған материалдар, жобалар, курсанттардың шығармашылығы мен оқу ордамызда өткен іс-шаралар толы мақалалар жинағы берілген «Академия: міндет, абырой, ерлік!» журналдары табыс етілді. Орта буын басшылық құрамы ІІМ, ПД, ҚАЖД, ТЖД және АМКБ, Академия басшылығына, профессорлық-оқытушылық құрамына өз алғыстарын білдірді.

Қостанай Академиясының баспасөз қызметі

АЙМАҚ АЙШЫҒЫ

Қызметтік көліктерді табыстады

Ақмола облысының әкімі тәртіп сақшыларына жаңа қызметтік автокөліктердің кілтін табыс етті.



Жаңа жыл қарсаңында Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев салтанатты шарада Бұрайбай, Ерейментау, Целиноград, Аршалы және Зеренді аудандары Полиция бөлімдерінің бастықтарына «УАЗ» маркалы жаңа қызметтік автокөліктердің кілтін табыс етті.

Облыс әкімі өңірдің даму көрсеткіші қоғамдық тәртіптің тұрақтылығы екенін атап өтті. Жаңа автокөліктердің кілтін табыс ете отырып, ол бұл көмектің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге және қылмыспен жедел күресуге көмектесетініне сенім білдірді.

«Сіздер біздің өңір тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күрделі қызметті атқарып келесіздер. Сіздердің жұмыстарыңыздың арқасында әрбір ақмолалық өзін қауіпсіз сезінеді. Біз

сіздерге бүгін берген автокөліктер Мемлекет басшысының ауылдық жерлерде қоғамдық тәртіпті одан әрі нығайту және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі қойған міндеттерін шешуге қызмет ететініне сенімдімін», – деді облыс әкімі Ермек Маржықпаев.

Өз кезегінде облыстық ПД бастығы, полиция генерал-майоры Арманбек Хәкімбекұлы аймақ басшысына көрсетілген қолдаулары үшін алғысын білдіріп, Ақмола полициясының жеке құрамының алдында тұрған барлық қойылған міндеттер орындалатынына сендірді.

Сонымен бірге әкім құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне амандық және олардың қиын да маңызды жұмысына табыс тіледі.

Ақмола облысы ПД баспасөз қызметі

АЙМАҚ АЙШЫҒЫ

Ескерткіш – ерліктің белгісі

31 желтоқсанда «Солтүстік Қазақстан облысы төтенше жағдайлар департаменті Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ аллеясында азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған мемориалдың ашылу рәсімі өтті.



Осы күні департаменттің ведомстволық бағынысты мекемесі ғимаратының алдында офицеры және қатардағы құрам салтанатты сапқа тұрғызылып, азаматтық қорғау органдарының ардагерлері, 2015 жылғы 31 желтоқсанда өртті сөндіру кезінде қаза тапқан №5 Өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Алтынбек Әбдірахмановтың туыстары мен жақындары келді.

Салтанатты рәсімді ашқан ТЖ департаментінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Рамиль Камалов бұл оқиғаның ТЖ, өрт апатына тосқауыл қойып, басқа адамдардың өмірін сақтау жолында өз өмірін қиған қызметкерлерді мәңгі есте қалдыру үшін маңыздылығын атап өтті. «Біздің еліміздің Тәуелсіздік алғандан бері 50-ден астам өрт сөндірушілер мен құтқарушылар отпен және төтенше жағдайлармен болған шайқастан оралмады. Олардың қатарында әскери қызметке өз өмірін арнаған Алтынбек Әбдірахманов бар. Мұндай адамдардың есімдері мен тағдыры азаматтық қорғау ор-

гандарының тарихына мәңгі жазылмақ. Әр қызметкер оларды мақтан тұтады, ал олар туралы еске алу өмір салтанаты үшін жаңа ұлы істерге шабыттандырады!» – деді департамент басшысы.

Содан кейін азаматтық қорғау органдарының ардагерлер ұйымының өкілдері, Алтынбек Әбдірахмановтың туған-туыстары мен жақындарына сөз берілді. Олардың әрқайсысы Алтынбек өз Отанының батыл және лайықты ұлы болғанын атап өтті. «Мен өз борышын аяғына дейін орындаған өз ұлымды мақтан етемін! Және де әрбір сарбазға үйіне аман-сау оралуына тілектеспін. Өздеріңізді сақтаңыздар!» – деді өрт сөндірушінің әкесі Орал Әбдірахманов.

Солтүстік Қазақстан облысы ТЖД «Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ және гарнизон басшылығы мен жеке құрамы бір минут үнсіздікпен қаза болғандарды еске алды. Ескерткіш тақтаға гүл шоқтары қойылды.

Солтүстік Қазақстан облысы ТЖД «ӨС және АҚЖҚ» ММ

МЕРЕКЕЛІК ШАРА

Бәрі де балалар үшін

Әр бала жаңа жыл қарсаңында жағымды сыйлықтар күтеді. Осыған байланысты Ішкі істер министрінің тапсырмасымен Шымкент қаласы Полиция департаментінің қызметкерлері полиция полковнигі Ералы Жұмаханбетовтің басшылығымен балаларға арналған мерекелік іс-шара ұйымдастырды.



Шара аясында полицейлер балаларды керемет ойыншықтармен және тәтті сыйлықтармен қуантты, сондай-ақ, балаларға мерекелік үстел ұйымдастырып, материалдық көмек көрсетті.

Өз кезегінде балалар қонақтарға арнап қызықты көріністер қойып, олармен әртүрлі ойыншықтар мен шамдар ілінген шыршаны айнала жүріп мереке көркін қыздырды.

Іс-шара соңында Шымкент қаласы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Ералы Жұмаханбетов №4 балалар үйінің тәрбиеленушілері мен тәрбиешілерін құттықтап: «Департамент атынан біз сіздерге бар жақсылықты тілейміз. Жақсы оқып, спортпен айналысыңыздар, оқытушыларыңызды тыңдап жүріңіздер. Жаңа жылда барлық тілектеріңіз орындалып, бақытты болыңыздар! Біз сіздерге көмектесуге әрдайым қуаныштымыз. Шын жүректен Сіздерге бақыт тілейміз», – деді.

Балалар үйінің басшысы, педагогтар және балалар полиция қызметкерлеріне көңілдері мен жаңа жылдық сыйлықтары үшін алғыстарын білдірді.

Осындай іс-шараларға қатысу тек балалар үшін ғана емес, ересектер үшін де өте маңызды. Жылы кездесулер әр адамның жарқын болашаққа деген үміті мен сенімін сақтайды.

Шымкент қаласы ПД баспасөз қызметі

